

"БЕКІТЕМІН"

"Көп бейінді қалалық
ауруханасы" ШЖҚ КМҚ

Бас дәрігері Б.Т.Төлеген



**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ "КӨП
БЕЙИНДІ ҚАЛАЛЫҚ
АУРУХАНАСЫ" ШАРУАШЫЛЫҚ
ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСПОРНЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРИНЕ
АРНАЛҒАН СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ИС-
КИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ
НҰСҚАУЛЫҚ**

2023 ж.

Мазмұны

1-тарау. Қолданылу аясы.....	3
2-тарау. Глоссарий	3
3-тарау. Жалпы ережелер	4
4-тарау. Сіздің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұрутуралы шешім қабылдағандағы әрекеттерініз.....	7
5-тарау. Сыйбайлас жемқорлық сипаттындағы жағдай кезіндегі жұмыскерлердің іс-қимыл алгоритмі	8
6-тарау. Қарауындағылардың сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін басшылардың жауапкершілігі	
7-тарау. Қорытынды ережелер.....	11

1-тарау. Қолданылу аясы

Бұл Нұсқаулық сыйбайлас жемқорлық бағытындағы әрекеттерге анықтама береді, сыйбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай туындаған жағдайда "Көп бейінді қалалық ауруханасы" ШЖҚ КМК-ның (бұдан әрі Кәсіпорын) жұмыскерлерінің іс-қимыл тәртібін белгілейді.

Осы құжатпен үйімның барлық құрылымдық бөлімшелерімен лауазымды тұлғалары міндетті түрде танысып шығып, қолданулары тиіс.

Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар ең қажетті бастапқылары болып табылады және олар нақты бір жағдайда толық және/немесе шектеулі талаптар ретінде қарастырылмауы тиіс.

2-тарау. Глоссарий

Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

- **Сыйбайлас жемқорлық-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу.**

- **Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзөкілеттіктері шегіндегі сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

Лауазымды адам -тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойыншабилік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын немесе мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде басқада әскерлерімен әскери құралымдарында үйімдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындастырын адам.

- **Мұдделер қактығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға тенестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделерімен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындаудауына және тиісінше орындаудауына алып келуі мүмкін.

• **Пара** – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам немесе оған тенестірілген адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам немесе лауазымды адам, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халыкаралық үйимның лауазымды адамы жеке өзі немесе дедал арқылы алатын акша, бағалы қағаздар, өзге де мұлік, мұлікке құқықтар немесе мұліктік сипаттағы пайда.

• **Параны корқытып алу-адамның** пара берушінің немесе ол өкілі болып табылатын адамдардың заңды мұдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттер жасау катерімен параны талап етуі не құқық қорғау мұдделері үшін зиянды салдардың алдын алу мақсатында ол пара беруге мәжбүр болатын жағдайларды қасақана жасауы.

3-тарау. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасында пара алу және беру әрекеттері занға қайшы және бұл жағдайларда Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс қолданылады.

Егер акша, өзгемүлік, материалдық қызмет көрсету түріндегі мұліктік пайда лауазымды адамның келісімімен оның туыстарымен жақындарына берілсе немесе егер ол бұған қарсылық білдірмесе және өзінің қызметтік өкілеттігін пара берушінің пайдасына пайдаланса, лауазымды адамның іс-әрекетін пара алу деп саралау керек.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акшамен, бағалы қағаздармен және өзге де мұлікпен қатар, өтеусіз көрсетілетін, бірақ төлеуге жататын мұліктік сипаттағы пайда (туристік жолдамалар беру, пәтержөндеу, саяжай салу және т.б.) пара алу және коммерциялық сатып алу нысанасы болуы мүмкін.

Мұліктік сипаттағы пайда деп, атап айтқанда, берілетін мұліктің, жекешелендірілетін объектілердің құнының төмендетілуі, жалдау төлемдерінің, банк несиelerін пайдаланғаны үшін төленетін пайызың мөлшерлемелердің азайтылуы түсіндіріледі.

Пара алу және пара беру, бір қылмыстық модельдің екі қарама-қарсы жағы, егер пара туралы айтатын болсақ, бұл пара алатын адамның (пара алушы) және оны беретін адамның (пара беруші) бар екенін білдіреді.

Пара алу – ең қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе қорқытып алу мен бірге жүретін болса, оллауазымды адамның заңды немесе зансыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар алушмен пайда көруден тұрады.

Пара беру- лауазымды адамды заңды немесе зансыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға көндірге немесе берушінің пайдасына, оның ішінде жалпы қамқорлығы немесе қызмет бабында бетімен кетушілік үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуша бағытталған қылмыс.

Пара нысандары келесідей болуы мүмкін:

- заттар, ақша, оның ішінде: валюта, банк чектері және бағалы қағаздар, асыл металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, тамақөнімдері, бейнетехника, түрмистық құралдар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер участелері және басқа да жылжымайтын мүлік;
- пайда көздеу: емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторийге және туристік жолдамалар, шетелдік сапарлар, ойын-сауық және басқада шығындарды ақысызду немесе төмендетілген бағамен төлеу.
- параның бүркемеленген түрі -іс жүзінде жоқ борышты өтеу түріндегі банктік қарыз, төмендетілген бағамен сатып алған тауарларды төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, паракорфа, оның туыстарына, достарына жалақы төлеу үшін жалған еңбек шарттарын жасасу, жеңілдікпен несие алу, дәрістер, мақалалар мен кітаптар үшін қаламақыны негізсіз көтеру, казинодағы "кездейсөк" ұтыс, борышты кешіру, жалдау ақысын азайту, кредит бойынша пайзыздық мөлшерлемелерді ұлғайту және т.б.
- Мұдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйым салуларды және талаптарды, сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатындағы өтініштер туралы жалдаушының (жұмыс берушінің) өкілін хабардар ету міндеттін, сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мақсатында белгіленген өзге де міндеттерді сактау маңызды.

Айта кететін жайт, кейбір сөздерді, екі ұшты ойлар мен ым-ишарапты айналадағылар пара беру туралы өтініш (тұспал) ретінде қабылдауды мүмкін.

Мұндай екі ұшты ойларға, мысалы, мыналар жатады:

- "Мәселені шешу қыын, бірақ шешуге болады";
- "Құрғақ қасық ауыз жыртады";
- "Келісіп көрейік";
- "Салмақтырақ дәлелдер қажет";
- "Істің мән-жайын талқылаукерек";
- "Ал енді неістейміз?" жәнет.б.

Ұйымдардың өкілдерімен және азаматтармен, әсіреле олардың пайдасына лауазымды тұлғалардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты белгілі бір тақырыптарды талқылау пара беру туралы өтініш ретінде де қабылдануы мүмкін.

Мұндай тақырыптарға мысал келтірсек:

- жалақының төмен деңгейі және қандайда бір мұқтаждарды өтеуге ақша қаражатының жетіспеуі;
- қандайда бір мүлікті сатып алуға, қандай да бір қызметті алуға, туристік сапарға баруға ниет білдіру;
- лауазымды адамның туыстарында жұмыстың болмауы;
- лауазымды адамның балаларының білім беру мекемелеріне түсу қажеттілігі және т.б.

Лауазымды адамнан түсетін белгілі бір ұсыныстар, әсіреле егер олар ұйымдардың өкілдеріне және пайдасы олардың шешімдері мен әрекеттеріне байланысты азаматтарға бағытталған болса, пара беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін. Бұл мұндай ұсыныстар жақсы ниеттен туындаған және

шенеуніктің жеке пайдастына қатысы болмаған жағдайда орын алуы ықтимал. Мұндай ұсыныстарға, мысалы, келесілер жатады:

- лауазымды тұлғаға және (немесе) оның туыстарына жеңілдік беру;
- анықталған бұзушылықтарды жою, мемлекеттік келісім шарт шеңберінде жұмыстарды орындау, қажетті құжаттарды дайындау үшін нақты компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалану;
- нақты қайырымдылық қорына ақша салу;
- нақты спорт командасына қолдау көрсету және т.б.

Сыбайлас жемқорлық және коммерциялық парага сатып алушын ықтимал жағдайлары, сондай-ақ мінез-құлық қағидалары бойынша ұсынымдар.

Арандату:

Қызмет алу үшін жүгінген азаматтар, бөлімше қызметтің тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар тараапынан ықтимал арандатуларды болдырмау үшін:

- келушілер орналасқан қызметтік үй-жайларды және жеке заттарды (киім, портфель, сөмке және т.б.) қарасызың қалдырманызы;
- келуші кеткеннен кейін жұмыс орнынан немесе жеке заттар ішінен қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, өз бетінізben ешқандай іс-қымыл жасамай, дереу басшылыққа мәлімденіз.

Параны қорқытып алу:

- мейлінше сақ болыңыз, сыпайылық сақтаңыз, ешкімге жағынуға тырыспаңыз, параны және/немесе коммерциялық параны қабылдаудан үзілдікесілді бас тарту немесе алуға дайын болу ретінде түсіндірілуі мүмкін асығыс мәлімдемелер жасамаңыз;
- сізге ұсынылған шарттарды мұқият тыңдалап, есте сақтаңыз (сомалардың мөлшері, тауарлардың атауы және қызметтердің сипаты, параны беру мерзімдері мен тәсілдері, коммерциялық парага сатып алу нысаны, мәселелерді шешу дәйектілігі);
- пара және/немесе коммерциялық парага сатып алу нысанасын беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімеге дейін ауыстыруға тырысып, келесі кездесу үшін Сізге жақсы таныс орынды ұсыныңыз;
- әңгіме барысында бастама көтерменіз, көбірек "қабылдауға тырысыңыз", сұхбаттасуышының "ашылып сөйлеуіне" мүмкіндік беріңіз, одан мүмкіндігінше көп ақпарат алыңыз;
- пара беруге немесе коммерциялық парага сатып алуға келісім берген жағдайда, Сіздің мәселенізді шешудің кепілдіктері туралы сұраныңыз;
- егер Сізде диктофон болса, пара және/немесе коммерциялық парага сатып алу туралы ұсынысты (жасырын) жазып алуға тырысыңыз;
- осы факт туралы жоғары тұрган басшылыққа қызметтік жазба түрінде баянданыңыз;
- дайындалып жатқан қылмыс туралы жазбаша немесе ауызша түрде сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі уәкілетті органға немесе Call-орталыққа (1424) жүгініңіз.Мұдделерқақтығысы:

- мұдделер қақтығысының кез-келген мүмкіндігіне мүқият болыңыз;
- мұдделер қақтығысының туындау мүмкіндігіне жол бермеу шараларын қабылданыңыз;
- туындаған мұдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы Сізге белгілі болған сәтте өзініздің тікелей бастығызыға жазбаша нысанда хабарлаңыңыз;
- тікелей басшының келісімі бойынша туындаған мұдделер қақтығысын еңсеру жөнінде шаралар қабылданыңыз;
- мұдделер қақтығысының тарабы болып табылатын қызметкердің қызметтік жағдайын өзгертиңіз, тіпті белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуге де болады және(немесе) қызметкер мұдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартуы қажет;
- қызметтік тәртіпті сактау және мұдделер қақтығысын реттеу жөніндегі комиссия құрылуы тиіс.

Әр адам өз шешімін еркін тандай алады. Бірақ еркін адам болғанымен, ол қылмыстың жазалануы тиіс екенін түсінбеуі мүмкін емес

4-тарау. Сіздің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұру туралы шешім қабылдағандағы әрекеттеріңіз

Өз қалауынызben ауызша немесе жазбаша түрде сыйбайлас жемқорлыққа қарсыіс-кимыл жөніндегі уәкілетті органга немесе Call-орталыққа (1424) жүргіне аласыз.

Сыйбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық туралы хабарлау нысандарының бірі жасырын жүргіну болып табылады. Бұл жағдайда өтініш беруші аты-жөнін бүркемелеуге байланысты жауап ала алмайды, ал қылмыс туралы жасырын өтініштің өзі, мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бар жағдайларды қоспағанда, қылмыстық іс қозғауға себеп бола алмайды.

Параны қорқытып алу жағдайында Сізге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органға жүргіну және параны немесе коммерциялық параны қорқытып алу фактісі туралы төмендегілерді көрсетіп өтініш жазу қажет:

- лауазымды тұлғалардың қайсысы (тегі, аты, экесінінаты, лауазымы, мекеменіңатауы) Сізден қорқытып пара талап етеді немесе коммерциялық құрылымдар өкілдерінің қайсысы Сізді пара алуға итермелейді;
- қорқытып алынатын параның (парагасатыпалу) сомасымен сипаты қандай;
- нақты қандай әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін Сізден пара талап етіледі немесе коммерциялық парага сатып алу жасалады;
- пара беру қай уақытта, қай жерде және қалай жүзеге асырылатын болады немесе коммерциялық парага сатып алу жүзеге асырылатын болады.

5-тарау. Сыйбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай қезіндегі жұмыскерлердің іс-кимылалгоритмі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті органға жүгіну мен қатар қызметкерлер осы Нұсқаулыққа сәйкес басшылықты хабардар ету шараларын қабылдауы тиіс.

Кәсіпорынның бас дәрігері бекіткен штат құрылымына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайлар анықталған және/немесе олармен бетпе-бет келген кездегі барлық жұмыскерлер іс-қимылының мынадай алгоритмін әзірледі:

Кәсіпорын жұмыскерлері

- кәсіпорынның жұмыскерлері Бас дәрігердің жетекшілік ететін орынбасарына және Комплаенс офицеріне хабарлауы тиіс;

Бұл ретте жұмыскерлер мүмкіндігіне қарай өз уәждері бойынша дәлелдемелік негіздерін (куәлар, құжаттар, хаталмасу, оның ішінде мессенджерлерарқылы, аудио-жәнебейне материалдар және т.б.) ұсынады және оны алгоритмге сәйкес үәкілетті органға және жоғары тұрған басшылыққа береді.

6-тарау. Қарауындағылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін басшылардың жауапкершілігі

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларды күшету максатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық парага сатып алу және өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде өзгеде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған және кінәсі сотта дәлелденген қарамағандылары үшін басшыларға дербес жауапкершілік жүктейтін норма қарастырылған.

Кәсіпорын жұмыскері өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық сатып алу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактілері бойынша қылмыстық қудалау шенберіне тартылған жағдайда, осы жұмыскер ҚР Еңбек кодексіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезеңінде өзінің лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттетіледі. Бұл жұмыскердің тікелей басшысы жұмыскерді өз міндеттерін орындаудан шеттету үшін тиісті шаралар қабылдауға міндетті.

Тәртіптік жауаптылыққа тарту түрлері келесідей:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаңсөгіс;
- еңбек шартын Еңбек кодексінде қарастырылған негіздермен Жұмыс берушінің бастамасымен бұзы.

Басшы өзіне тікелей бағынышты жұмыскерге қатысты заңды күшіне енген соттың айыптау үкімі шыққан кезде немесе қылмыстық істі актальмайтын негіздермен (ракымшылық жасау, ісжүзінде өкіну, тараптардың татуласуы және т.б.) тоқтату туралы шешім қабылданған кезде жұмыстан шығуға өтініш беруі тиіс.

Жұмыстан шығу туралы өтініш басшыны лауазымға тағайындаған

жауапты адамға беріледі. Жұмыстан шығару және тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау басшыны осы лауазымға тағайындаған тұлғаның құзыретінде болып табылады.

Басшыға жұмысынан кету үшін берілетін мерзім құнтізбелік 10 күнді құрайды.

Тікелей бағыныштылар келесілер болып табылады:

Тікелей бағынышты жұмыскері сыйбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықты жасаған жағдайда басшы осы лауазымға тағайындалған құннен бастап 3 ай өткен соң дербес жауаптылықта болатынын назарға алу қажет.

Бұл ретте жоғарыда көрсетілген жауапкершілік "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес тікелей бағынышты адам жасаған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы өз бетімен хабарлаған басшылыққа қолданылмайды.

Кәсіпорын жұмыскерінің өз лауазымдық міндеттерін орындауы кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық сатып алу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе кәсіпорын жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін орындауы кезіндегі сыйбайлас жемқорлық, коммерциялық сатып алу және өзгеде қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсеткен жұмыскер мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді.

Осы ережелер сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалғанақпартты хабарлаған адамдарға қолданылмайды, олар занға сәйкес жауапты болады.

Кәсіпорын жұмыскерлерінің өз лауазымдық міндеттерін орындауы кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, коммерциялық сатып алуға және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға жәрдем көрсететін қызметкөр туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және занда белгіленген тәртіппен ұсынылады. Көрсетілген ақпаратты жария ету занда белгіленген жауаптылыққа әкеледі.

7. тарау. Қорытынды ережелер

Нұсқаулық Бас дәрігер бекіткен құннен бастап 5(бес) жұмыс күні өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Нұсқаулыққа енгізілетін өзгерістер/толықтырулар Бас дәрігер бекіткен құннен бастап күшіне енеді.

Әзірлеуші зангер

лауазымы

қолы

Қ.Алибеков

тегі, аты-жөні